

Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 15 қыркүйек 2021 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының «Тасымалдау» блогындағы вакцинацияланған жұмысшылар саны бойынша көшбасшы позициясын хабарлайды

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың жыл сайынғы VI бас директорларының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы «Қауіпсіз болашақ жолында» форумында «Жұмыскерлердің екпені алуы және денсаулықты қорғаудағы үздік көрсеткіштер» номинациясы бойынша көшбасшылар анықталды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының «Тасымалдау» бөлігінде коронавирусқа қарсы екпе алған жұмыскерлердің саны бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ көш бастап тұр. Компанияда жұмыскерлердің 80%-ы егілді, бұл 5,5 мың адамды құрайды.

«ҚазТрансОйл» АҚ-та жұмыскерлердің екпені алуы 2021 жылғы сәуірден бастап жүргізіледі, акционерлік қоғамның жұмыскерлері емханаға тіркелген жері бойынша, сондай-ақ өндірістік объектілерде екпе ала алады.

Сондай-ақ, форум аясында «ҚазТрансОйл» АҚ-тың қоршаған ортаны қорғау саласындағы жүргізіп отырған жұмыстарына оң баға берілді. Екінші жыл қатарынан «ҚазМұнайГаз» тобындағы мұнай-газ компаниялары арасындағы компанияның экологиялық жауапкершілік саласындағы ашықтық рейтингіне қатысып, үздік үштікке ілініп отыр. Рейтинг жеңімпаздарын іріктеу кезінде экологиялық менеджмент, қоршаған ортаға әсер ету, ақпаратты ашу сияқты өлшемшарттар ескеріледі.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ - Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральды мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие. Мұнайды қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарына және экспортқа келесі бағыттар бойынша тасымалдайды: «Өзен-Атырау-Самара» магистральды мұнай құбырының «Атырау-Самара» учаскесіне, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС жүйесіне ауыстырып тиейді («Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры), Ақтау портына (мұнайды танкерлерге құю), «Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ жүйесіне ауыстырып тиейді, «Шағыр» МҚП және Т.Қасымов атындағы МАС теміржол цистерналарына мұнай құяды. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың өндірістік нысандары Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, Қызылорда, Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында орналасқан.

«ҚазТрансОйл» АҚ жеке таза пайдасы 2021 жылдың бірінші жарты жылдығының қорытындылары бойынша 26 млрд. 931,5 млн. теңгені құрады, бұл 2020 жылдың бірінші жарты жылдығындағы осындай көрсеткіштен 23% төмен.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс және
ішкі коммуникациялар департаменті**